

FTAMP 03.81.33

<https://doi.org/10.26577/JPoS.2022.v80.i1.09>**Ж.А. Калиева\***, **А.М. Нурғалиева**, **А.Ж. Әмен**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан, Орал қ.  
\*e-mail: [Kaliyeva\\_87@mail.ru](mailto:Kaliyeva_87@mail.ru)

## РЕСЕЙ ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ САКРАЛЬДІ ГЕОГРАФИЯ ЕСКЕРТКІШТЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ПІКІРЛЕРІ

Қазақ халқының киелі орындарының мәдени-географиялық белдеуін қалыптастыру үшін шетелдегі қазақтың тарихи тұлғаларымен байланысты киелі нысандар мен маңызды жерлерді іздестіру және зерттеу өте маңызды іс. Мақалада шекаралық аймақта өмір сүретін қазақтардың Ресейдегі қазақ халқының киелі ескерткіштеріне деген қызығушылық деңгейі, олардың өміріндегі киелі жерлер туралы түсініктер, киелі нысандар туралы білім көздері талданады. Мақала Ресейдің Қазақстанмен шектесетін 4 облысындағы далалық экспедицияның сандық және сапалық әдістермен өңделген материалдарына негізделген. Мақалада 2021 жылдың тамыз айында Астрахань, Волгоград, Саратов, Орынбор облыстарындағы қазақтарға жүргізілген квота-аумақтық іріктеу социологиялық зерттеуінің нәтижелері берілген.

Зерттеудің маңыздылығы ұлттық бірегейлік негізін қалыптастыруға үлес қосу мақсатында, қазақтардың рухани киелі орындары туралы білімді халық арасында, ең алдымен жастар арасында таратудың бағыттары мен жұмыс мазмұнын анықтауға негіз болады. Концептуалды тәсіл ретінде жадпен жұмыс істеу «байланыс» тәсілі ретінде қолданылған, бірақ бар қарым-қатынастарды жаңғырту ғана емес. Бақылаулар мен қорытындылар, ұсынылған концептуалды көзқарас және зерттеу нәтижелері осы мәселе бойынша теориялық және эмпирикалық жобаларды одан әрі тереңдете зерттеуге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** сакральді география, киелі жерлер, ресейлік қазақтар, есте сақтау орындары, кесенелер, мәдени мұра.

Zh.A. Kaliyeva\*, A.M. Nurgaliyeva, A.Zh. Amen

West Kazakhstan University named after M. Utemisov, Kazakhstan, Uralsk  
\*e-mail: [Kaliyeva\\_87@mail.ru](mailto:Kaliyeva_87@mail.ru)

### Opinions of Kazakhs in Russian territory on monuments to sacred geography

To form the Kazakh people shrines cultural and geographical belt, it is very important searching and study sacred objects and significant places associated with Kazakh historical figures abroad. Article analyzes the border Kazakhs level of interest of to sacred monuments of the Kazakh people in Russia, as well as the holy places role in their lives, and sources of their knowledge about sacred objects. The article is based on field expedition materials of from 4 regions of Russia bordering Kazakhstan, processed using quantitative and qualitative methods. The paper presents results of the quota-territorial sample sociological survey of Kazakhs, conducted in August 2021 in the Astrakhan, Volgograd, Saratov, Orenburg regions.

The importance of the study makes a case to determine directions and work content to disseminate knowledge about the Kazakhs spiritual shrines of among population and, foremost, young people in order to contribute to formation of the national identity framework. As a conceptual approach, there are used ideas about working with memory as a way of "connecting", but not just reproducing existing relationships. Observations and conclusions, proposed conceptual approach and results of the study can further deepen theoretical and empirical developments on this issue.

**Key words:** sacred geography, shrines, Russian Kazakhs, monuments, mausoleums, cultural heritage.

Ж.А. Калиева\*, А.М. Нурғалиева, А.Ж. Әмен

Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова, Казахстан, г. Уральск

\*e-mail: Kaliyeva\_87@mail.ru

### Мнения казахов России о памятниках сакральной географии

Для формирования культурно-географического пояса святынь казахского народа очень важен поиск и изучение сакральных объектов и значимых мест, связанных с казахскими историческими деятелями за рубежом. В статье анализируется уровень интереса приграничных казахов к сакральным памятникам казахского народа в России, а также роль святых мест в их жизни, источники их знаний о сакральных объектах. Статья основана на материалах полевых экспедиций из 4 регионов России, граничащих с Казахстаном, обработанных количественными и качественными методами. В статье представлены результаты квотно-территориального выборочного социологического опроса казахов, проведенного в августе 2021 года в Астраханской, Волгоградской, Саратовской, Оренбургской областях.

Важность исследования обуславливает определение направлений и содержания работы по распространению знаний о духовных святынях казахов среди населения и, в первую очередь, молодежи с целью содействия формированию основ национальной идентичности. В качестве концептуального подхода используется представления о работе с памятью как о способе «подключения», а не просто воспроизведения существующих отношений. Наблюдения и выводы, предложенный концептуальный подход и результаты исследования могут еще больше углубить теоретические и эмпирические разработки по этому вопросу.

**Ключевые слова:** сакральная география, святые места, российские казахи, места памяти, мавзолей, культурное наследие.

#### Кіріспе

Мақала Ресей Федерациясының Қазақстанмен шекаралас облыстарында өмір сүріп жатқан қазақтарға жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдауға арналған. Зерттеу жұмысы шекаралық аймақта өмір сүретін қазақтардың Ресей территориясындағы қазақ халқының киелі ескерткіштеріне деген қызығушылық деңгейі, олардың өміріндегі киелі жерлер туралы түсініктер, осы түсініктердің олардың өміріндегі алатын орны туралы, олардың қаншалықты хабардар екендігін анықтауға арналды. Зерттеу кезінде алынған материалдардың бағалау сипаттамалары осы зерттеудің жаңалығы болып саналады.

Қазір Қазақстанның барлық аймақтарында макро және микро киелі нысандардың тізімі жасалды. Бұл ерекше қастерлі табиғи ландшафт пен мәдени мұра ескерткіштері, діни сәулет ескерткіштері, кесенелер, сондай-ақ Қазақстан халқының жадында мәңгілік құндылығы бар тарихи және саяси оқиғаларға байланысты орындар. Қазіргі кездегі жаңа бағыт – тарихи тұлғалармен байланысты маңызды орындарды іздестіру болып табылады, шетелдердегі, соның ішінде Ресейдің шекаралас аймақтарындағы естелік орындарын іздеу және зерттеу ісін айта аламыз.

Зерттеудің маңыздылығы қазақтардың рухани киелі жерлері туралы білімдерді халық ара-

сында және ең алдымен жастар арасында кеңінен тарату жұмысының бағыттары мен мазмұнын анықтау қажеттілігімен түсіндіріледі. А.Смиттің мұраны қайта ашу және қайта түсіндіру жолдарының маңыздылығын атап өткен пікірлерінің өте орынды екендігін байқаймыз (Smith, 1999: 9).

Көршілес жатқан екі ел Қазақстан мен Ресей арасындағы ортақ тарихи – мәдени кеңістікті байытуға тарихи тұлғалардың қайраткерлігі мен шығармашылықтарының да қосқан үлесін атап өту қажет. Қазақтың саяси-қоғамдық және мәдениет қайраткерлері Ресейдің осы облыстарында өмір сүрді және жұмыс істеді: Астрахань облысында ұлы композитор Құрманғазы, Самара облысындағы алғашқы тәуелсіз қазақ мемлекеті Алаш-Орда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханов және т.б. өмір сүрді.

Мұндай ортақ мұралардың көп болуына тығыз мәдени кеңістікте тарихи сәттердің көп орын алуы себепші болғаны айтпаса да түсінікті. Зерттеу жүргізілген төрт аймақтың үшеуінде қазақтар өздерінің шағындығына қарамастан, орыстардан кейінгі екінші үлкен этникалық топқа айналғандығын айтуымызға болады. 2010 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша қазақтар Астрахань, Саратов және Волгоград облыстарында осы аймақтардың тұрғындары құрамында екінші орынға шықты. Қазақтардың ең көп тұратын аймағы Астрахань облысы

екендігі анықталды -149,8 мың адам немесе 14,8%-ын құрайды. Әрі қарай Орынбор облысында -120,5 мың адам, немесе 6,1 %; Саратовта -53,1 мың адам, немесе 2,1 %, Волгоградта -46,3 мың адам, немесе 1,8 %-ын құрайды. Бұл аумақтарда тұратын қазақтар бұрынғы кезден бастап осы жерлерді мекендеп келе жатқан байырғы тұрғындары болғандықтан осы жерлерде өмір сүруде.

Бірнеше ғасырлар бойы материалдық және рухани мәдениеттің сан алуан ескерткіштерін қамтитын әлеуетті мәдени мұра ескерткіштері қалыптасты. Сондықтан, біз мұра ретінде материалдық объектілерді – ғимараттарды, кесенелерді, құлпытастарды ғана емес, сонымен қатар рухани, оның ішінде діни маңызы бар объектілерді де жатқызамыз. Мысалы, жерлеу орындары, ғибадат орындары немесе халықтық мұражайлар, қазақ мәдениетінің орталығы ретінде және т.б. Бүгінгі күнге дейін қазақтарға қатысты мәдени мұра объектілерінің нақты санын көрсету мүмкін емес, өйткені мұра объектілерінің түрлері мен түрлері алуан түрлі.

Ескерткіштердің көп бөлігі Орынбор мен Астрахань облыстарында, азғантай бөлігі Саратов және Волгоград облыстарында тіркелді. Бұл, бір жағынан, аталған аймақтардың бүкіл аумағын қысқа мерзімде қамту мүмкін еместігімен, ал екінші жағынан, бұл тақырыпқа қатысты жүргізілген зерттеулердің әр түрлі деңгейімен немесе көбінесе оның жоқтығымен түсіндіріледі.

Зерттеу жұмысы жүргізілген аймақтардың бірі – Ресей Федерациясының Астрахань облысы. Халық санына келетін болсақ, облыс халқы көпұлтты, көпшілігін орыстар құрайды, олар шамамен 70% жуық, орыстардан кейінгі екінші орында көпшілікті құрайтын ұлт қазақтар – 16% жуық, яғни 150 мыңнан астам қазақтар осы өңірде өмір сүруде. Астрахань облысы – федерация субъектілері ішіндегі ең ірі қазақ қауымдастығы бар аймақ болып есептеледі. Астрахань облысының барлық дерлік аудандары мен қалаларында қазақтар тұрады – бұл жалпы Ресей бойынша ең үлкен көрсеткіш. Ресейдің қазақтар тұратын басқа аймақтарындағы сияқты, мұнда да қазақтардың мәдени орталығы жұмыс істейді, ал қазақтар көп тұратын аудандарда орта мектептерде қазақ тілі оқытылады. Астрахань облысындағы қазақтардың ірі мәдени орталығы – «Жолдастық» деп аталады.

Зерттеу жұмысы Ресей Федерациясының келесі облысы территориясында, Волгоград

облысының территориясында жалғасты. Облыс халқы 2010 жылғы Бүкілресейлік халық санағының қорытындысы бойынша 2 611 156 адамды құрайды (Сдыков, 2012: 103).

Волгоград облысындағы қазақтар саны жағынан 2%-дан аспайтын екінші этникалық топқа айналды. Бұл жерде қазақтардың негізгі бөлігі 1920-1930 жылдары пайда болды, әсіресе 1930 жылдардағы аштық кезінде Қазақстан территориясынан көшіп келген.

2010 жылғы Бүкілресейлік халық санағы бойынша Волгоград облысында 46 мыңнан астам қазақ ұлты өкілдері тұрады. Қазақтар тұратын аймақтар – Палласовский, Быковский, Старополтавский, Жирновский, Николаев муниципалды аудандары.

Волгоград облыстық «Қазақстан» қоғамдық ұйымы 2002 жылы құрылған. Ұйымның негізгі қызметі: облыста тұратын қазақ ұлтының азаматтарының азаматтық, экономикалық және мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғау.

Қазақтардың мәдениеті мен тарихының ескерткіштері негізінен XIX – XX ғасырдың бас кезіне жататын құлпытастармен байланысты қарастырылады. Қазіргі заманғы ескерткіштердің саны аз және олар кеңестік тарих кезеңімен байланысты; олар бір мәдени кеңістікті құрайтын мәдени мұраның жалпы аймақтық ресурсынан ерекшеленбейді. Элтон ауылындағы орта мектептің мұғалімі С.Қ.Мунтаев жасаған халықтық қазақ және орыс мәдениеті, тұрмысы мен дәстүрінің мұражайын бөліп көрсетуге болады (Сдыков, 2012: 114).

РФ Саратов облысы Поволжье федералды округінің құрамына кіреді. Бүкілресейлік халық санағының қорытындысы бойынша Саратов облысының халқы 2010 жылы 2,6 миллион адамды құрады (Ташпеков, 2015: 133).

Соғыстан кейінгі кезеңнен бастап, қазақтар Саратов облысы халқының саны бойынша екінші үлкен этникалық топқа айналды. XVIII ғасырдың аяғынан бастап, Саратов Поволжье облысына қазақтар 1771 жылы Еділ бойындағы қалмақтардың Жоңғарияға қоныс аударуынан кейін, қанырап бос қалған жерлерге қоныстана бастаған. Қазіргі Саратов облысының аумағына қоныс аударған қазақтар Бөкей Ордасына тиесілі болды.

Қазір Саратов облысында негізінен келесі қазақ руларының өкілдері тұрады: Қарақасек, Жаппас, Байбақты, Беріш, Шеркеш, Тана, Тама, Кердері, Қызылқұрт, Төлеңгіт және т.б.

Саратов облысындағы қазақтар негізінен оның Еділ бойындағы бөлігінде қоныстанған. Қазақтардың ең тығыз орналасқан аймақтары Александрово-Гайда (52% қазақтар тұрады), Озинкиде (28%), Новоузенский (25,2%), Перелюбский (10,2%), Дергачевта (20,8%), Питерский (9,6% кейбір деректер бойынша 20,5%), Красный Кутта (13,0%), Ершовта (9%), Федоровский (10,6%), Краснопартизанский (9,9%), Марковский (шамамен 5 мың адам, халықтың 7%), Энгельс (2,0%), Ровное (18,5%) аудандары (Ташпеков, 2020: 103). Ресеймен шекаралас аймақтардағы қазақтардың көпшілігі Қазақстанға келіп тұратындықтары анықталған, олар мен қазақстандықтар арасында тығыз байланыс орнатылған (Социальный портрет современного казахстанского общества, 2015: 231).

Орынбор облысы территориясында да зерттеу жұмыстары жалғасын тапты. 2010 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша халық саны 2,1 миллион адамды құрады, оның ішінде қала тұрғындары 57,4% құрайды. 2010 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша, халық саны 2113,3 мың адамды құрады. Халық саны бойынша қазақтар үшінші орынды иеленеді және олар облыс халқының шамамен 6% құрайды. (Мы – Оренбуржцы, 2007: 73).

Еділ бойындағы облыстардағы сияқты Орынбор өлкесіндегі қазақ халқы – байырғы халық. Барлық мемлекеттік құрылымдар мен бизнесте қазақ қауымдастығының өкілдері бар. 1999 жылдан бастап мәдени мұраны сақтау, білім беру, Қазақстан Республикасымен ынтымақтастықпен айналысатын «Орынбор облысы қазақтарының қауымдастығы» жұмыс жасайды. Орынбордағы «Ұлттық ауыл» мәдени кешені құрамында «Қазақ ауласы» жұмыс істейді. «Қазақ ауласы» аумағында мейрамхана, киіз үйлер бар, қазақ тілінде газет шығарылады (Этнографический атлас, 2017:27).

Ресей Федерациясының Батыс Қазақстанмен шектесетін облыстарында жергілікті қазақ халқының да, республикамыздың тұрғындарының да қызығушылығын арттырып келе жатқан елеулі мәдени мұра бар. Бірақ бұл ретте, өңірдің жағдайын жақсы білетін ғалымдар рухани киелі орындар туралы мәліметтердің аздығын, жұтандығын айтуда. Мысалға, Саратов аймағының қазақтары туралы көп жазып жүрген автор Г.А.Ташпеков те осы аймақтағы қазақ жастарының тілді меңгерудегі қиындықтары, тілді білмеуі, өзінің руы, тарихына қатысты ақпа-

раттарды аса жетік біле бермейтіндігі туралы ақпараттарымен бөліседі (Ташпеков, 2002: 5).

### **Тақырыпты тандауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері**

Рухани құндылықтар – ұлттың консолидациясы мен бірегейлігінің құралы. Еліміздің бүкіл аумағында біртұтас есте сақтау орындарының желісін, Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуін құру ұлттық бірегейліктің элементтерінің бірі болып табылады.

2021 жылдың тамыз айында Қазақстан мен Ресей Федерациясының шекаралас аймақтардағы қазақтардың Астрахань, Орынбор, Саратов және Волгоград облыстарындағы қазақтардың киелі жерлері туралы мәліметтерді қаншалықты білетіндіктерін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

Бүгінгі таңда этникалық жаңғыру барған сайын қазіргі адамзат дамуының басты белгілерінің бірі ретінде қарастырылуда. Жеке адамдар арасында да, тұтас халықтар арасында да олардың этникалық тамырына деген қызығушылық кең таралған. Жалпы, этностық азшылықтар үшін сакралды және діни фактордың өте маңызды екенін Э.Д. Смит (Смит, 2020: 148) өз еңбектерінде мысалдармен түсіндіріп атап өтеді.

Өзінің келесі еңбектерінде мәдени мұраларды қайта ашу және қайта түсіндіру жолдарының маңыздылығы туралы Э.Д. Смит жазды (Smith, 1999: 9). Путни атап өткендей, олар «адамның өз шығу тегінің қоршаған ортамен және табиғатпен мағыналы байланысын түсіну қажеттілігін қанағаттандырады» (Putney, 2005: 132). Шығу тегі туралы жаңа қызығушылықтың бір көрінісі – көбінесе қасиетті орындардың айналасында шоғырланған мәдени мұраның серпінімен байланысты» (Thorley, Gunn, 2008: 33).

Сондай-ақ, соңғы жылдары барлық Орталық Азия мемлекеттеріне киелі жерлерге қамқорлық пен бақылауды күшейту ісі тән. Бұл тарихи ескерткіштерге мәртебе беруде, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуде, осындай орындарға туристік маршруттар ұйымдастыруда, кітаптар шығаруда және т.б. істерде ерекше көрінетіндігін авторлар айтып өтеді (Wild, McLeod, 2008: 60).

Кең мағынада алғанда, мәдени мұра – бұл болашақта тұтыну үшін қазіргі уақытта сақталуы тиіс нәрсе. С.И.Ожеговтың, Н.Ю.Шведованың (Ожегов, Шведова, 1999: 391) түсіндірме сөздігінде мәдени мұра рухани өмірдің феномені,

күнделікті өмір, алдыңғы ұрпақтардан алынған өмір салты ретінде анықталған.

К. Хоруженконың (Хоруженко, 1997: 640) пікірінше, мәдени-тарихи мұра – адамзаттың жинақталған рухани тәжірибесін жинақтау мен беру формаларының бірі. Ол мәдени-тарихи мұраның келесі компоненттерін ажыратады: тіл, мұрат, дәстүр, салт-жоралар, әдет-ғұрыптар, мерекелер, есте қаларлық даталар, фольклор, халықтық қолөнер мен қолөнер; өнер туындылары, мұражай, мұрағат және кітапхана қорлары, коллекциялар, қолжазбалар, хаттар мен жеке мұрағаттар, сәулет ескерткіштері, өнертану, мемориалдық белгілер, ғимараттар, ансамбльдер, көрікті жерлер және тарихи өткеннің басқа да дәлелдері.

Осыған байланысты, Хирштің (Hirsch, 2012: 21) жадпен жұмыс істеу туралы идеясы бар. Қарым-қатынастарды жай ғана жаңғыртудың орнына «байланыстыру» әдісін қолдану да өте өзекті. Ескерткіштердің, есте сақтау орындарының өзіндік ерекшеліктері туралы жазған келесі авторлардың бірі Э. Ригни болды (Rigney, 2018:240)

Меретояның (Меретоя, 2021:30) айтуынша, есте сақтаудың басым мәдени формалары бар. Қазақтар үшін мұндай мәдени жады нысандары кесенелер, әулиелер бейіттері және табиғи киелі орындар болып табылады.

### Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Әлеуметтік зерттеулер 2021 жылы тамыз айында Астрахань, Волгоград, Саратов, Оренбург облыстарында мақсатты квота-аумақтық үлгі бойынша сұрау, сауалнама әдісімен жүргізілді. Тұрғылықты жері, жынысы, жасы. Сауалнамаға 360 респондент қатысты. Сауалнамаға 18 жастан бастап, ерлердің 49,3% және әйелдердің 50,7% қатысты. Орташа жасы 44 жас болды. Жастар (30 жасқа дейін) респонденттердің 14,9%-ын құрады, орта буын (31-50 жас) – 49,2%, аға буын (51 жастан жоғары) – 35,9 %.

Қажетті эмпирикалық деректерді алу үшін сауалнама, сараптамалық сауалнама және топтық сұхбат (фокус-топтар), сондай-ақ эмпирикалық социологиялық зерттеудің сандық және сапалық әдістері қолданылды. Сауалнамаларда жабық сұрақтардан басқа сапалы әдістеменің элементі болып табылатын жартылай жабық және ашық сұрақтар қолданылды. Алынған деректер әлеуметтік ғылымдарға арналған SPSS

статистикалық және талдау бағдарламалық пакетін қолдану арқылы өңделді.

### Нәтижелері және талқылама

Тәжірибе көрсеткендей, ортақ тілден, территория мен тарихи тағдырдан басқа, кез келген этностың бірегейлігі әрқашан сәйкесінше діни дәстүрден бастау алған, осылайша белгілі бір құндылықтарды реттеу жүйесіне негізделеді.

Осыған байланысты «діни сенімді таңдау» әрекеті этникалық өзіндік идентификацияның маңызды сәтінің бірі болып сипатталады. Соған қарамастан, этникалық топтың өмірінде діни сенімнің басымырақ рөлді атқаратыны түсінікті жайт.

Сауалнама деректеріне сәйкес респонденттердің үштен бірі, соның ішінде, Астраханьда – 47,3%, Орынборда – 34,3%, Саратовта – 32,3% және Волгоградта – 31,4%, ата-бабаларының бейіті олар үшін бірінші кезекте киелі орын екенін атап өтті (Кесте 1). Астрахандық респонденттердің 22,9%-ы үшін бұл бейіт, халық қастерлейтін қасиетті адамның бейіті деп көрсеткен. Бұл облыс аумағында орналасқан Құрманғазы мен Бөкей хан бейіттерінің танымалдылығымен түсіндіріледі. Сондай-ақ, бұл жауап нұсқасын Саратовтық респонденттердің 14,3%, Орынбор 8,6% және Волгоград облыстары респонденттерінің 5,7% атап өткен. Әрбір оныншы респондент ұрыс және шайқас орындарын қасиетті деп санайды. Сауалнамаға қатысқан шекаралас өңірлердегі қазақтардың 8,6%-ы киелі жерлерді халықтың қайғы-қасіретімен байланысты жерлер деп ата-са, сауалнамаға қатысушылардың 9,3%-ы діни нысандарды, ал тек 3,2%-ы табиғатпен байланысты жерлерді атап өткен.

Жалпы, Ресейдегі сауалнамаға қатысқан қазақтардың 67,9%-ы Ресей Федерациясының аумағында орналасқан қазақтардың киелі жерлерімен таныс екендігін немесе олар туралы білетіндігін айтады (Кесте 2). Өңірлер бойынша келесідей жауаптар алынды: сауалнамаға қатысушылардың Астраханьда – 80,0%, Саратовта – 69,7%, Волгоградта – 64,7% және Орынбор облыстарында – 57,1%. Киелі нысандармен аса таныс емес екендігін айтқан қазақтардың көпшілігі Орынбор облысында – 31,4%, Волгоградта – 29,4%, Саратовта – 27,3% және Астраханьда – 17,1% құрады.

**1-кесте** – Сіз үшін киелі (қасиетті) жер қандай?

Жауаптар	Облыстар				Қорытынды
	Астрахань	Волгоград	Саратов	Орынбор	
1.. Менің халқым құрмет тұтатын қасиетті адамның бейіті.	22,9%	5,7%	14,3%	8,6%	12,9%
2. Ұрыс немесе шайқас орындары	0%	14,30%	14,30%	14,30%	11%
3. Ата-бабамның бейіті	47,30%	31,40%	32,30%	34,30%	36,33%
4. Аңызбен көмкерілген табиғи орындар (тұзды көл, ормандар, қорғандар, т.б.)	2,20%	2,9%	2,00%	5,7%	3,19%
5. Халықтың қайғы-қасіретімен байланысты орындар (жаппай қорымдар, белгісіз жерлеу орындары және т.б.)	5,7%	11,4%	11,4%	5,7%	8,6%
6. Діни нысандар	5,7%	14,3%	14,3%	2,9%	9,3%
7. Жауап беруге қиналамын	17,1%	20,0%	11,4%	28,6%	19,3%

**2 кесте** – Өз аймағыңызда (қала, ауыл) орналасқан қазақ халқының киелі жерлерімен таныссыз ба?

Жауаптар	Облыстар				Қорытынды
	Астрахань	Волгоград	Саратов	Орынбор	
1. ия	80,00%	64,70%	69,70%	57,10%	67,88%
2. жоқ	17,1%	29,4%	27,3%	31,4%	26,3%
3. жауап беруге қиналамын	2,9%	5,9%	3,0%	11,4%	5,8%

Алынған деректерге сүйене отырып, Ресей қазақтарының басым көпшілігінің киелі жерлер туралы мәліметтермен таныс болуы олардың өз халқының мәдениеті мен тарихына деген қызығушылығын білдіреді деген тұжырым жасауға болады.

«Есте сақтау орындар туралы ақпараттарды қайдан білдіңіз?» деген сұраққа респонденттердің 42,8%-ы киелі орындар туралы ақпаратты сол орындарға барған кезде алғанын, респонденттердің төрттен бір бөлігі немесе респонденттердің 22,1%-ы әулиелер мен халықтық қасиетті жерлер туралы ақпаратты әкесінен, 17,9% бұқаралық ақпарат көздерінен (газеттер, журналдар, теле және радиобағдарламалар) ақпаратты естігенін, респонденттердің 7,5% ата-анасынан естігенін айтты.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Ресей қазақтарының киелі жерлерге белсенді түрде баратынын, олар туралы мәліметтер жинайтынын, сондай-ақ, отбасы өз кезегінде қазақ халқының мәдениеті мен тарихы туралы ақпараттың негізгі көзі екендігін, сонымен бірге, бұқаралық ақпарат құралдарынан да ақпаратты білетіндігін көреміз.

«Сіздің отбасыңызда киелі орындарды аралау дәстүрі бар ма?» деген сұраққа респонденттердің жартысынан астамы (56,3%) отбасында киелі жерлерге бару дәстүрі бар деп жауап берсе, оның ішінде 32,7% отбасымен киелі жерлерге бару дәстүрін ұстанатындығын, 23,6% діни және басқа да мерекелерде киелі жерлерді, нысандарды аралау дәстүрі бар екендігін мәлімдеді.

Жалпы, осы жауаптарды талдай отырып, жанұя мен әлеуметтік ортаның адам өміріне, қоршаған ортасына, айналасындағы адамдар үшін маңызы зор екені аңғарылады. Яғни, адамның бос уақытын дүниені танып, танып-білуіне өз халқының мәдениетіне тікелей байланысты әлеуметтік ортаның, отбасы мен достарының ықпалы зор екені дәлелденген. Аға буын өз кезегінде өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетіп, ақыл-кеңесін айтып тәрбиелейді.

Зерттеу жұмысын жүргізу кезінде, «Сіздің ойыңызша, Қазақстаннан тыс жердегі есте сақтау орындары қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін сақтауға мүмкіндік береді ме?» деген сұраққа, Волгоград облысы қазақтарының 88,2%-ы, Астрахань облысының 84,8%-ы, Саратов облыстарының 82,9%-ы және Орынбор

облыстарының 75,7%-ы, Қазақстаннан тыс жерлердегі есте сақтау орындары қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға мүмкіндік береді, респонденттердің аз ғана бөлігі (6,8%) жастар мұндай орындардың маңыздылығын түсінбейді деп санайды (облыстар бойынша: Орынбор – 9,1%, Саратов – 7,2%, Астрахань – 6,3%, Волгоград – 4,6%).

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің басым көпшілігі өскелең ұрпақты өз халқының киелі жерлері туралы ақпараттармен таныстыру қажет деп санайды (Кесте 3). Респонденттердің 15,1% аса бір қажеттілік жоқ деп есептейді (соның ішінде Волгоград облысында – 23,1%, Астраханьда – 16,5%, Саратовта 12,4% және Орынборда – 8,3%).

Киелі туризмнің даму әлеуетін бағалау туризм саласындағы жаңа зерттеу бағыты болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулерді жүргізу дамудың нақты көрінісін сипаттауға және киелі нысандар орналасқан аумақтардың ерек-

шеліктерін көрсетуге мүмкіндік береді. Әлеуеті бағалаудың нәтижелері киелі нысандар орналасқан белгілі бір аумақта киелі орындармен байланысты туризмді дамытуға қатысты артықшылықтарды немесе проблемалық жағдайларды көрсетеді.

Сауалнама жүргізу барысында, «Өңіріңізде (қала, ауыл) орналасқан қазақ халқының киелі жерлерінің туристік мүмкіндіктеріне баға беріңіз?» деген сұраққа, сұралған қазақтардың 23,3%-ы Астрахань, 18,2%-ы Волгоград, 25,8%-ы Саратов және 29,6%-ы Орынбор облыстары киелі орындардың туристік әлеуетін бағалайды және қазақ халқы мәдениетінің объектілері оң әсер етеді, сонымен қатар Ресей Федерациясының шекаралас облыстарындағы сауалнамаға қатысқан қазақтардың жартысына жуығы (46,05%) бұл әлеуетті үлкен емес деп санайды, ал респонденттердің үштен бір бөлігі (29,7%) өте мардымсыз деп бағалайды.

**3-кесте** – Балаларыңызды киелі жерлерді білу арқылы халық мәдениетімен, салт-дәстүрімен таныстыру қажет деп санайсыз ба?

Жауаптар	Облыстар				Қорытынды
	Астрахань	Волгоград	Саратов	Орынбор	
1. Иә, қажет	75,3%	70,5%	78,3%	80,6%	76,2%
2. Жоқ, қажеттілік көріп тұрған жоқпын	16,5%	23,1%	12,4%	8,3%	15,1%
3. Жауап беруге қиналамын	8,2%	6,4%	9,3%	11,1%	8,8%

Ресей-Қазақстан шекарасы аймағындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау және реконструкциялау мәселелерін бағалау кезінде, респонденттер көлік және жол қатынасындағы қиындықтарды көрсеткен, кейбір объектілердің күтімі нашар екенін айтады. Респонденттердің 38,5%-ы этномәдени орталықтар ұрпақ тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады, 37,1%-ы ұлттық мәдениетті сақтау мен дамытуға белсенді қатысады деп есептейді. Зерттеу жүргізілген облыстардың қазақтарының 42,9%-ы үшін қазақ халқының мәдениеті рухани байытатынын, сауалнамаға қатысушылардың 32,5%-ы туған халқының мәдениеті қызықты екенін мойындады, респонденттердің 17,5%-ы демалуға мүмкіндік береді, ал 7,2%-ы бос уақытын дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың көмегімен өткізетінін айтады. Сауалнамаға қатысқандардың 88,2%-ы халық мәдениетін сақтап,

ұрпақтарымызға жеткізу үшін бар күш-жігерімізді салуымыз керек деп есептейді. Ресей Федерациясы қазақтары тойлайтын ең танымал мереке – бұл ең алдымен Наурыз – 66,9%, одан кейінгі орында көрісу айт – 15,0%, одан кейін діни мерекелер: Құрбан айт және Ораза айт сәйкесінше 9,6% және 8,5% құрайды.

Алынған мәліметтерге қарап, Ресейлік қазақтардың басым көпшілігінің киелі орындар туралы ақпаратпен таныс болуы, өз ұлтының мәдениеті мен тарихына қызығушылығының бар екендігін білдіреді деп тағы бір қорытынды жасауға болады. Яғни Ресей территориясында өмір сүріп жатқан қазақтар үшін киелі орындар көбінесе ғибадат орындары болып танылатындығы байқалады. Статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, Ресейлік қазақтардың белсенді түрде киелі орындарды аралап, олар туралы ақпаратты жинап, танысатындығын

байқаймыз, өз кезегінде, отбасы да, бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар, қазақ халқының мәдениеті мен тарихына қатысты ақпаратты сақтап, таратушы негізгі қайнар көз болып табылатындығын көреміз. Жалпы, жанұя мен әлеуметтік ортаның адамның өмірі үшін, ортаға бейімделуі үшін, оның жанындағы адамдардың маңызы зор екендігін осы жауаптарға қарап, тағы да ұғынуға болады. Яғни адамның өзінің бос уақытында өзінің халқының мәдениетіне тікелей қатысы бар дүниелерді зерттеп, ұғынуында әлеуметтік орта, отбасы мен достарының ықпалы зор екендігі дәлелденді. Аға буын өз кезегінде үлгі көрсетіп, ақыл-кеңесін айту арқылы, жас буынды тәрбиелеуде. Алынған деректерге сүйене отырып, Ресей қазақтарының басым көпшілігінің киелі жерлер туралы мәліметтермен таныс болуы олардың өз халқының мәдениеті мен тарихына қызығушылық танытқанын білдіреді деген тұжырым жасауға болады. Өңірдегі тұрғындардың жасы ұлғайған сайын ұлттық бірлестіктермен тығыз қарым-қатынас жасап, олардың қызметінен хабардар болу деңгейі де жоғарылайды.

### Қорытынды және тұжырымдама

Сонымен, біздің зерттеуімізде Ресей Федерациясының Астрахань, Орынбор, Саратов және Волгоград облыстарының киелі жерлері қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасы сақталған негізгі нысандары ретінде қарастырылады. Оларды қастерлеуде халық үшін маңызы бар құндылықтар, нормалар мен мінез-құлық үлгілері бекітілген. Ата-баба культі қазақтың құндылық жүйесінің негізгі қағидасы болып қала береді. Мұны біз де зерттелген шекаралас облыстардың қазақтарының арасынан байқадық. Талдау көрсеткендей, жастардың көпшілігі өздерінің ұлттық мәдениеті мен тарихы бойынша білім алуы және арттыруды қажет етпейді, бұл халықтар арасында ассимиляция тенденциясын күшейтуге ықпал етеді. Тұрғындар неғұрлым егде болған сайын, соғұрлым олардан ұлттық мәдениеті туралы білуге деген құштарлық сезіледі. Бұл халықтардың өкілдері өздерінің этникалық ерекшеліктерін сақтаудан гөрі бейімделу мен ассимиляцияға көбірек қызығушылық танытады дегенді білдіреді.

Барлық ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің сақталуы қазақтарды басқалардан ерек-

шелендіреді. Шекаралас аудандары тұрғындары арасындағы ұлтаралық қатынастарды талдауда көптеген этникалық топтарда ассимиляция тенденциясы дамып келе жатыр деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Көші – қон мен табиғи өсім нәтижесінде қазақтардың үлесі артуда. Ұлттық-мәдени бірлестіктердің өткір әлеуметтік және саяси мәселелерді шешуге қосатын үлесі үлкен әлеуетке ие және барған сайын байқала бастады, әсіресе олардың әдет-ғұрыптарды сақтауға әсері, барлық азаматтар бойында құрмет пен сенім сезімін қалыптастыруда үлкен рөл атқаруда. Респонденттердің көпшілігі жұмыстарында қызметкерлерді ұлтына емес, құзыреттілігіне, бейімділігіне және жұмысқа қабілеттілігіне қарай бағалайтынын айтады. Теріс этникалық көзқарастар өте сирек кездеседі. Әр түрлі ұлт өкілдерінің, басқа мәдениеттің тасымалдаушыларының қасында өмір сүруге бейімділік бар деп болжауға болады. Халықтың басым көпшілігі, басқа ұлт өкілдерімен оңай тіл табысады.

Ресей Федерациясының Батыс Қазақстанмен шектесетін облыстарында жергілікті қазақ халқының да, біздің республикамыздың тұрғындарының да қызығушылығын арттырып келе жатқан елеулі мәдени мұра бар. Қазақтардың рухани киелі жерлері туралы білімдерді тарату жұмыстарының бағыттары мен мазмұнын анықтау үшін Ресей Федерациясының аумағында тұратын қазақтардың киелі ескерткіштерге деген қызығушылық деңгейі, олардың өмірінде алатын орны туралы түсінік болуы қажет. Бұл, біздің ойымызша, бұл жұмыстың практикалық маңыздылығын анықтайды. Біздің ойымызша, Ресейдің шекаралас өлкелеріндегі қазақтардың рухани киелі жерлерімен таныстырудағы тәрбие жұмыстары әсіресе жастардың тарихи жады мен адамгершілік санасының қалыптасуына ықпал етеді. Бақылаулар мен қорытындылар, ұсынылған концептуалды көзқарас және зерттеу нәтижелері осы тақырып бойынша теориялық және эмпирикалық жобаларды одан әрі тереңдете жүргізуге мүмкіндік береді.

*Зерттеу ҚР Білім және Ғылым министрлігінің қаржылық қолдауымен АР09563101 «Таяу шетелдердегі қазақтардың рухани қасиетті орындары (Батыс Қазақстанмен шекаралас Ресей Федерациясының аймақтары мысалында)» жобасы шеңберіндегі ғылыми зерттеулер аясында жүргізілді.*



### Әдебиеттер

- Мы – Оренбуржцы. Историко-этнографические очерки/ Под общ.ред. В.В.Амелина. – Оренбург: ОАО «ИПК «Южный Урал», 2007. – 288 с.
- Meretoja H. Dialogics of counter-narratives // *The Routledge handbook of counter-narratives*. – London: Routledge. – 2021. – P. 30–42.
- Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. 80 000 слов и фразеологических выражений /Российская академия наук. Институт русского языка им. В.Виноградова. – М., 1999. – 391с.
- Putney A. Building cultural support for protected areas through sacred natural sites // *Friends for life*. – Gland and Cambridge: IUCN, 2005. – P. 129–140.
- Rigney A. Remembrance as remaking: Memories of the nation revisited // *Nations and Nationalism*. – 2018. – 24(2). – P. 240–257.
- Сдыков М.Н., Аккуллы С.Х., Ларина Е.И., Наумова О.Б., Ташпеков Г.А., Тукешева Н.М. Культурное наследие казахов в российском приграничье (памятники истории и культуры Астраханской, Волгоградской, Оренбургской, Самарской и Саратовской областей)/под.ред. Сдыкова М.Н. – Уральск, 2012. – 180 с.
- Смит Энтони Д. Ұлттың этностық тамыры. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры», 2020. – 388 бет.
- Smith A. Myths and memories of the Nation. Oxford University Press, 1999. – 288 p.
- Социальный портрет современного казахстанского общества. Сборник статей, Институт мировой экономики и политики (ИМЭП) при Фонде Первого Президента РК-Лидера нации. – Астана-Алматы, 2015. –240 с.
- Ташпеков Г.А. Казахи Саратовской области в Великой отечественной войне. – Саратов: ООО «Амирит», 2020. – 460 с.
- Ташпеков Г.А. Казахи Саратовской области: историко-этнографические очерки: – Саратов: Приволжское изд-во «Детская книга», 2002. – 280 с.
- Ташпеков Г.А. Казахи Саратовской области: история и современность / под.ред. К.Н.Балтабаева. – Алматы: Всемирная ассоциация казахов издательский центр «Атажұрт», 2015. – 284 с.
- Thorley A., Gunn C. Sacred Sites: An Overview. Report for Pdf the Gaia Foundation. The Gaia Foundation, London / <https://sacrednaturalsites.org/> (Қаралған күні: 12.06.21)
- Wild R, McLeod C. Sacred Natural Sites: Guideliness for protected area managers. Gland, Switzerland. – 2008. – 106 p.
- Hirsch M. The generation of postmemory: Writing and visual culture after the Holocaust. – Columbia University Press, 2012.
- Хоруженко К.М. Культурология: Энцикл. Словарь. – Ростов н/Д, 1997. – 640 с.
- Этнографический атлас Оренбургской области / Т.И.Герасименко, Н.Ю.Святоха, И.Ю. Филимонова. – Казань: ПИК «Идеал-Пресс», 2017. – 80с.

### References

- E`tnograficheskij atlas Orenburgskoj oblasti (2017) [Ethnographic atlas of the Orenburg region]. ed. T.I. Gerasimenko, N.Yu. Svyatokha, I.Yu. Filimonov. Kazan PИK “Ideal-Press”, pp. 80.
- Hirsch M. (2012) The generation of postmemory: Writing and visual culture after the Holocaust. Columbia University Press.
- Khoruzhenko K.M. (1997) Kul`turologiya: E`nczikl. Slovar` [Culturology: Encyclopedia. Dictionary]. pp. 640.
- Meretoja H. (2021) Dialogics of counter-narratives. The Routledge handbook of counter-narratives. London, Routledge, pp. 30-42.
- My` – Orenburzhczy`. Istoriko-e`tnograficheskie ocherki (2007) [We are Orenburgers. Historical and ethnographic essays]. Ed. V.V. Amelina, Orenburg: ОАО ИПK “South Ural”, pp. 288 . (in Russian)
- Ozhegov S.I., Shvedova N.Yu. (1999) Tolkovy`j slovar` russkogo yazy`ka. 80 000 slov i frazeologicheskikh vy`razhenij [Explanatory dictionary of the Russian language. 80,000 words and phraseological expressions]. Russian Academy of Sciences. Institute of Russian Language, V. Vinogradov, pp. 391.
- Putney A. (2005) Building cultural support for protected areas through sacred natural sites. *Friends for life*. Gland and Cambridge: IUCN, pp. 129-140.
- Rigney A. (2018) Remembrance as remaking: Memories of the nation revisited. *Nations and Nationalism*, no 24(2), pp. 240-257.
- Sdykov M.N., Akkululy S.Kh., Larina E.I., Naumova O.B., Tashpekov G.A., Tukesheva N.M.(2012) Kul`turnoe nasledie kazakhov v rossijskom prigranich`e (pamyatniki istorii i kul`tury` Astrankhanskoj, Volgogradskoj, Orenburgskoj, Samarskoj i Saratovskoj oblastej) [Cultural heritage of the Kazakhs in the Russian borderlands (monuments of history and culture of the Astrankhan, Volgograd, Orenburg, Samara and Saratov regions)]. ed. Sdykova M.N., pp. 180.
- Smith A. (1999). Myths and memories of the Nation. Oxford University Press, pp. 288.
- Smith A.D. (2020) Ultyñ etnostyq tamyry [Ultyñ ethnostyk tamyry]. Almaty: Public Fund of the National Translation Bureau, pp. 388.
- Sozial`ny`j portret sovremennogo kazakhstanskogo obshhestva (2015) [Social portrait of modern Kazakhstani society]. Collection of articles, Institute of World Economy and Politics (IMEP) under the Foundation of the First President of the Republic of Kazakhstan-Leader of the Nation. Astana-Almaty, pp. 240.

Tashpekov G.A. (2020) Kazakhi Saratovskoj oblasti v Velikoj otechestvennoj vojne [Kazakhs of the Saratov region in the Great Patriotic War]. Saratov: Amirit LLC, pp. 460.

Tashpekov G.A. (2002) Kazakhi Saratovskoj oblasti: istoriko-e`tnograficheskie ocherki [Kazakhs of the Saratov region: historical and ethnographic essays]. Saratov: Volga publishing house "Children's book", pp. 280.

Tashpekov G.A. (2015) Kazakhi Saratovskoj oblasti: istoriya i sovremennost` [Kazakhs of the Saratov region: history and modernity]. ed. K.N. Baltabaeva. Almaty: World Association of Kazakhs, Atazhurt Publishing Center, pp. 284.

Thorley A., Gunn C. Sacred Sites: An Overview. Report for Pdf the Gaia Foundation. The Gaia Foundation, London / <https://sacrednaturalsites.org/> (Retrieved: 12.06.21)

Wild R., McLeod C. (2008) Sacred Natural Sites: Guidelines for protected area managers. Gland, Switzerland, pp. 106.